

Аудандық бюджет қаражаты есебінен, лауазымдық төлемақы және тарифтік ставканы жиырма бес пайызға арттырылған құқығы бар ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 4 наурыздағы № 67 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 28 наурызда № 4075 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 26 қыркүйектегі № 311 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 26.09.2013 № 311 қаулысымен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 18, 238–баптарына сәйкес, Қарабалық ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық бюджет қаражаты есебінен, лауазымдық төлемақы және тарифтік ставканы жиырма бес пайызға арттырылған құқығы бар ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесі қосымшаға с ә й к е с а й қ ы н д а л с ы н .

2. Осы қаулы 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ф. Филиппов

КЕЛІСІЛДІ:

**Қ а р а б а л ы қ а у д а н д ы қ
м ә с л и х а т ы н ы ң х а т ш ы с ы**

_____ **А. Тюлюбаев**

Ә к і м д і к т і ң

2013 ж ы л ғ ы 4 н а у р ы з д а ғ ы

№ 67 қаулысына қосымша

**Аудандық бюджет қаражаты есебінен,
лауазымдық төлемақы және тарифтік ставканы
жиырма бес пайызға арттырылған құқығы бар ауылдық
(селолық) жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау,
әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет
және спорт мамандары лауазымдарының тізбесі**

1. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:

- 1) үйде көрсетілетін әлеуметтік көмек бөлімінің меңгерушісі;
- 2) күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкер.
- 3) әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман;
- 4) психолог;
- 5) әлеуметтік жұмыс жөніндегі кеңесші.

2. Білім беру мамандарының лауазымы:

- 1) білім беру ұйымдарының барлық мамандықтар мұғалімдері;
 - 2) мектеп, мектеп-интернат директоры;
 - 3) жалпы білім беретін мектептердің, мектеп-интернаттардың және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім, орта білімнен кейінгі білім, қосымша білім берудің басқа да ұйымдарындағы директордың ғылыми, оқу ісі, оқу-өндірістік, оқу-тәрбие, тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары;
 - 4) әлеуметтік педагог;
 - 5) педагог-ұйымдастырушы;
 - 6) қосымша білім беру педагогы;
 - 7) педагог-психолог;
 - 8) әдіскер;
 - 9) музыкалық жетекші;
 - 10) аға жоғары;
 - 11) дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушы;
 - 12) психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес меңгерушісі;
 - 13) лагерьдің (сауықтыру) бастығы;
 - 14) зертхана, кабинет меңгерушісі;
 - 15) өндірістік оқыту шебері;
 - 16) медбике;
 - 17) емдәмбике;
 - 18) кітапханашы;
 - 19) кітапхана меңгерушісі;
 - 20) бастауыш әскери дайындық жөніндегі оқытушы-ұйымдастырушы;
 - 21) аға тәрбиеші, тәрбиеші;
 - 22) логопед.
3. Мәдениет мамандарының лауазымы:
- 1) мемлекеттік мекемесі басшысы;
 - 2) мемлекеттік мекеме басшысының орынбасары;
 - 3) кітапханашы, библиограф;
 - 4) барлық атаулы суретші;
 - 5) дыбыс жазу операторы;
 - 6) әдіскер;

7) х о р е о г р а ф ;

8) көркемдік жетекші.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК